

Қазақстан Республикасы педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру бағдарламасының  
курстары бойынша Біліктілік емтиханының тапсырмалары  
«Тіімді оқыту мен оқу»

Қала, Оқыту орталығы	
Аудитория нөмірі	
Тыңдаушының орнының нөмірі	
ТАӘ	
ЖСН	

Емтиханның өткізілу уақыты: **90 минут**

**ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН НҮСҚАУЛЫҚ**

1. **Сұрақ кітапшасын** аудиториядағы бақылаушы рұқсат бергеннен кейін ашыңыз.
2. **Сұрақ кітапшасында** берілген барлық **38 тест тапсырмасын** орындаңыз.
3. Тек қана **қара** сиялы қаламсапты (**гельді емес**) қолданыңыз.
4. Жауаптарыңызды алдымен **сұрақ кітапшасына** белгілеп алып, сонан соң **жауап парағына** көшіріңіз.
5. Сұрақтардың жауаптарын Сізге берілген **жауап парағындағы** дұрыс толтыру үлгісіне сәйкес белгілеңіз.
6. Емтихан аяқталған соң аудитория бойынша бақылаушыға **сұрақ кітапшасы** мен **жауап парағын** тапсырыңыз.

**ТЫҢДАУШЫЛАРҒА АРНАЛҒАН АҚПАРАТ**

- А блогындағы тест тапсырмаларында бес жауаптың бірі ғана дұрыс болады. Осы блоктағы әрбір дұрыс орындалған тест тапсырмасы **1 балмен** бағаланады.
  - В блогындағы (сәйкестікті орнату немесе дұрыс реттілікті анықтау) сұрақтардың жауабы мына үлгіде болуы мүмкін:
    - дұрыс реттілікті анықтауға – 1В, 2А, 3Е, 4С, 5D;
    - сәйкестікті орнатуға – 1В, 2А, 3Е, 4С, 5D немесе 1АС, 2В және т.б., яғни бір сұраққа бірнеше дұрыс жауап таңдалуы мүмкін.
- Осы блокта 100% дұрыс орындалған әрбір тест тапсырмасы үшін **2 балмен**, 50% және одан жоғары – **1 балмен**; 50%-дан төмен – **0 балмен** бағаланады.
- Сіз жинай алатын балдың ең жоғары саны – **50**.

## «Тиімді оқыту мен оқу» бағдарламасының емтихан сұрақтары

### А блогы. (1-26 – тек бір дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары)

1. Мұғалімнің көзқарасы, қабылданған шешімінің және іс-әрекетінің негізі

- A) біліктілік
- B) құзыреттілік
- C) пәндік білім
- D) тәжірибе
- E) ұстаным

2. Пән мен шынайы өмір арасындағы байланыстарды анықтауға ықпал ететін оқу

- A) ақпарат пен білімнің сандық ұлғаюы
- B) есте сақтау және ақпаратты өңдеу
- C) қажет болғанда дерек пен дағдыны қолдану
- D) мағынаны ұғыну және оның мәнін анықтау
- E) мәлімет пен әдістерді жинақтау

3. "Мен" тұжырымдамасындағы жеке тұлғаның ортада лайықты орын алып, бағаланғаны жөнінде өзінің пікірін анықтайтын компонентті көрсетіңіз

- A) жетістік
- B) қажеттілік
- C) құзыреттілік
- D) құндылық
- E) тиімділік

4. Рефлексиялық ойлаудың динамикалық үдерісі өтетін мидың бөлігі

- A) желке
- B) маңдай
- C) мишық
- D) самай
- E) төбе

5. Тапсырмаларды орындау барысында, метатану дағдылары қалыптасқан оқушылар

- A) жұпта және топта жұмыс істегенде өзара симметриялы іс-әрекетті жүзеге асыруға қабілетті
- B) құрдастарының көмегіне жүгіне отырып, оқу міндеттерін бірлесіп шешуге қабілетті
- C) материалды сараптап, күрделілік деңгейі мен маңыздылығына қарай жіктеуге қабілетті
- D) нақты мақсаттарды көздеген, көбірек білетін адамдармен әлеуметтік қатынасқа қабілетті
- E) тақырыпты игеру кезінде мұғалімнің айтқан нұсқаулығын орындауға қабілетті

6. Тиімді білім ортасын қалыптастырудың негізгі факторларының бірі

- A) оқу үдерісін қалай құрылымдауды мұғалімнің білуі
- B) оқушыларға қойылатын талаптарды мұғалімнің білуі
- C) оқушының өз бастамасымен оқитынын мұғалімнің түсінуі
- D) оқушының өзін-өзі ынталандыра алатынын мұғалімнің білуі
- E) сыныпта не болып жатқанын мұғалімнің түсінуі

7. Оқушылардың өзін-өзі ынталандыра отырып, оқуға деген ұмтылыс пен қызығушылықтарының пайда болуы

- A) өзіндік құндылық
- B) өзіндік пайым
- C) өзіндік тиімділік
- D) сыртқы уәж
- E) ішкі уәж

8. Н.Мерсердің пайымдауынша, ұжымның ортақ түсінікке келіп, табысты білім алуы үшін басымдық берілетін әңгіменің түрі

- A) әңгіме-дебат
- B) жұптық әңгіме
- C) зерттеушілік әңгіме
- D) кумулятивтік әңгіме
- E) топтық әңгіме

9. Оқушыларға толық жауап беруге көмектесетін, оларға тапсырманы орындау барысында бағдар беріп отыратын сұрақ қою тәсілі

- A) басқаға бағыттау
- B) мәселені шешу
- C) сынақтан өткізу
- D) сілтеме жасау
- E) түрткі болу

10. Шанк пен Циммерманның пікірінше, балалардың өз бетінше жұмыс істеуі және даму ниеті

- A) метатанудың маңызды аспектісі
- B) ойлаудың маңызды аспектісі
- C) оқудың маңызды аспектісі
- D) оқытудың маңызды аспектісі
- E) тәрбиенің маңызды аспектісі

11. Н.Перри анықтаған өздігінен реттелетін оқудың үш элементінің бірін көрсетіңіз

- A) оқушының мұғалім ұсынған стратегияны оқуда қолдануы
- B) оқушының мақсаттарды мұғалімнің көмегімен анықтауы
- C) оқушының проблемалар мен мақсаттарды өзі айқындауы
- D) оқушының проблеманы шешуде құрбыларының көмегіне жүгінуі
- E) оқушының проблеманы шешуге құрдастарын өзі жұмылдыруы

12. Жетекшінің оқушыларды біртіндеп тапсырманы аяқтауға «итермелеуін» білдіретін ұғымды көрсетіңіз

- A) «көпіршелер тұрғызу»
- B) «қара жәшік»
- C) «мен» тұжырымдамасы
- D) «оқушы үні» жобасы
- E) қажеттіліктер иерархиясы

13. Рефлексиялаушы практиктің өзгеріп жатқан жағдайға сай әрекет етуіне көмектесетін үдеріс

- A) іс-әрекетке дейінгі толғаныс
- B) іс-әрекеттегі зерттеу
- C) іс-әрекеттегі толғаныс
- D) іс-әрекеттен кейінгі толғаныс
- E) іс-әрекетті жоспарлау

14. Оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді жақсарту мүмкіндіктерін және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін анықтауға бағытталған бағалау түрі

- A) аралық бағалау
- B) жылдық бағалау
- C) қорытынды бағалау
- D) оқу үшін бағалау
- E) оқуды бағалау

15. Оқушыны бағалау үшін қорытынды жасау үдерісін көрсетіңіз

- A) оқушыға тақырып бойынша сұрақ қою
- B) оқушының жауабын тақырыпқа сәйкестендіру
- C) оқушының жауабына сәйкес шешім қабылдау
- D) оқушының тапсырманы қалай орындағанын түсіну
- E) оқушының тапсырманы орындағанын бақылау

16. Блэк пен Уильям зерттеулерінде сыныптың «қара жәшік» метафорасы қолданылған. Осы метафораның негізгі идеясын көрсетіңіз

- A) балаларға интернеттен алған ақпаратты сақтауды үйрету
- B) мұғалімдердің кәсіби міндеттерін дамыту
- C) мұғалімдердің оқыту жоспарына өзгеріс енгізуін жетілдіру
- D) оқушылардың өзін-өзі бағалауын дамыту
- E) оқушылардың табысты тәжірибелерін насихаттау

17. «Қара жәшік» ішіндегі жұмысты көрсетіңіз

- A) ақпараттық деректерді жинақтау
- B) жаңашыл идеяларға ашық болу
- C) мүмкіндіктердің барлығын қарастыру
- D) оқушыларға стратегиялар ұсыну
- E) оқушымен бірге критерийлерді талдау

18. Сабақта қолданылатын әдіс-тәсілдерді, мақсатты аудитория сипаты мен бағалау стратегияларын білуді қамтитын білім саласын көрсетіңіз

- A) мазмұндық білім
- B) пәнге негізделген білім
- C) педагогикалық білім
- D) психологиялық білім
- E) технологиялық білім

19. Сандық технологияны пайдалана отырып, мәліметтің орналасқан жерін анықтау, түсіну, бағалау және құру қабілеті

- A) ақпараттық сауаттылық
- B) коммуникативтік сауаттылық
- C) пәндік сауаттылық
- D) педагогикалық сауаттылық
- E) функционалдық сауаттылық

20. Дарынды және талантты балалардың мәселені шешу сипаттамасын көрсетіңіз

- A) ақпаратты жинап, оның мәніне тезірек жетеді
- B) жаңа идеяларға сынақ жүргізуге тәуекел етеді
- C) жеке жетістіктердің стандартына ұмтылады
- D) идея ұсынып, дәлелдермен айғақтайды
- E) мақсатты өзі қойып, оған жетуге ұмтылады

21. Д. Фриманның дарынды, талантты балаларды тексеру парағы бойынша «Оқуда және проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады» деп анықталған өлшемді көрсетіңіз

- A) белсенділік
- B) есте сақтау
- C) икемділік
- D) ойлау жылдамдығы
- E) шоғырлану

22. Тұлғаның білім алуында ақыл-ой үдерістеріне мән беретін оқу тәсілі

- A) әлеуметтік тәсіл
- B) бихевиористикалық тәсіл
- C) гуманистік тәсіл
- D) жағдаяттық тәсіл
- E) танымдық тәсіл

23. Оқушының сабақта өтілген ережелер мен тапсырмаларға сүйеніп, берілген тапсырманы орындап шығуындағы пайым түрі

- A) дәстүрлі моральдік пайымдау
- B) зерде теориясы
- C) нормативтікке дейінгі моральдік пайымдау
- D) нормативтіктен кейінгі моральдік пайымдау
- E) ұқсастық бойынша пайымдау

24. Оқиғалар, идеялар, жалпы қағидалар мен тұжырымдамалар сақталатын жадыны көрсетіңіз

- A) қысқа мерзімді жады
- B) рәсімдік жады
- C) семантикалық жады
- D) ұзақ мерзімді жады
- E) эпизодтық жады

25. Мұғалім жүргізетін дамыту жұмыстарының (МЖДЖ) алғашқы кезеңін көрсетіңіз

- A) атқарылатын жұмыстардың жоспарын құру
- B) әр ұстаз үшін маңызды кәсіби міндеттерді анықтау
- C) дамыту бағдарламасын құруға арналған келісім мен кеңестер
- D) зерттеуге негізделген дамыту жұмысындағы көшбасшылық
- E) маңызды шешімдерді талап ететін құндылықтарды анықтау

26. Тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлауда оқу мақсаттарын қалыптастыру шараларын білуге бағыттайтын негізгі сұрақтардың бірін көрсетіңіз

- A) қандай өзгеріс іске асырылады?
- B) қосымша дереккөздер ескерілді ме?
- C) сабақтың басты сәттері анықталды ма?
- D) оқушылар нені білуге тиіс?
- E) ресурстар пайымдауға себепші болды ма?

**В блогы. (27-38 – сәйкестікті немесе дұрыс реттілікті анықтауға арналған тест тапсырмалары)**

27. Моральдік пайымдау деңгейлерінің реттілігін көрсетіңіз

- A) дәстүрлі моральдік пайымдау
- B) нормативтіктен кейінгі моральдік пайымдау
- C) нормативтікке дейінгі моральдік пайымдау

1) \_\_\_\_\_ 2) \_\_\_\_\_ 3) \_\_\_\_\_

28. Мұғалімнің оқыту стилін таңдауына әсер ететін «білім беру сызбасының» төменнен жоғары қарай реттілігін анықтаңыз

- A) көзқарас
- B) ұстаным
- C) шешім

1) \_\_\_\_ 2) \_\_\_\_ 3) \_\_\_\_

29. Оқу пирамидасындағы оқушылардың алған ақпаратты есте сақтауын пайыздық өсу ретіне қарай орналастырыңыз

- A) көрсетілім
- B) оқу
- C) өзгелерді оқыту
- D) талқылау
- E) тәжірибеде жасау

1) \_\_\_\_\_ 2) \_\_\_\_ 3) \_\_\_\_\_ 4) \_\_\_\_\_ 5) \_\_\_\_\_

30. Оқу тактикасы мен нәтижелерді бағалауды мұзтау бөліктерімен сәйкестендіріңіз

1) «мұзтаудың су астындағы бөлігі»	A) метатану
2) «мұзтаудың су бетіндегі бөлігі»	B) оқу дағдылары
	C) түсіну

31. Оқушылардың білім алуын қолдау үшін пайдаланатын сұрақ қою тәсілдерін берілген мысалдармен сәйкестендіріңіз

1) басқаға бағыттау	А) алдыңғы өткен тақырыбымыз қандай?
2) сынақтан өткізу	В) көмектесе алатындар бар ма?
3) түрткі болу	С) сіз мысал келтіре аласыз ба?

32. Дж.Фриман зерттеуіне сәйкес, ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) икемділік	А) ақпаратты толықтырып, олардың қайшылықтарын анықтап, мәніне тезірек жетеді
2) мәселені шешу	В) оқуда және проблемаларды шешуде балама шешімдерді көріп, қабылдай алады
3) ойлау қабілетінің жылдамдығы	С) олар жоспарлауға көп уақыт жұмсауы мүмкін, бірақ жоспарды тез жүзеге асырады

33. Ұзақ мерзімді жады компоненттерін сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) рәсімдік жады	А) тәжірибелердің толық тізімі алғашқы болып сақталатын жүйе
2) семантикалық жады	В) тәжірибелерге қатысты туындайтын естеліктердің бір бөлігі болып табылатын жады
3) эпизодтық жады	С) іс-қимылдар арқылы дамитын білімдер сақталатын жүйе

34. Құзырлы мұғалімге тән белгілерді ұғымдарымен сәйкестендіріңіз

1) кәсіби-өнегелік тұтастық	А) тәжірибені түсіну, жетілдіру үшін зерттеулер нәтижелерін қалай қолдану керектігін біледі
2) кәсіби түсінік	В) түйінді кәсіби идеяларды түсіндіре білудің техникалық және тәжірибелік дағдыларын біледі
3) оқытудың тәжірибелік дағдылары	С) ұстаз мамандығының этикалық, моральдік құндылықтарын ұстанады

35. Білім салаларын мұғалімінің білім, білік, дағдысының сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) пәндік білім	А) оқыту және оқу үдерісін жоспарлауды, ұйымдастыруды, оқыту және бағалау әдіс-тәсілдерін біледі
2) педагогикалық білім	В) саласы бойынша теорияны жақсы біледі
3) технологиялық білім	С) тақырыпты оқытуға көмектесетін бейнекамера, компьютер, аудиоқұралдар мүмкіндіктерін біледі

36. Жас ерекшеліктеріне байланысты берілген оқудың жекелеген теорияларын сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) әлеуметтік-жағдаяттық тәсіл	A) адамның өсудегі әлеуетіне назар аудару
2) бихевиористикалық тәсіл	B) баланың психикалық дамуында оқудың маңызын зерделеу
3) гуманистік тәсіл	C) оқуда әртүрлі тәжірибелік қызметке қатысу
4) танымдық тәсіл	D) ортамен өзара байланыстағы мінез-құлықты зерделеу

37. Бағалаудың мақсаттарын сипаттамаларымен сәйкестендіріңіз

1) болжау және сұрыптау	A) әр түрлі пәнді тереңдетіп оқытатын сыныптарға бөлу үшін оқушылардың қабілеттері мен бейімдіктерін анықтау үшін бағалау
2) кері байланыс	B) оқушылардың жетістіктерін көрсетіп, білімі, түсінуі, дағдысы туралы хабар беру
3) оқыту бағдарламасының мазмұнын және оқыту стилін бақылау	C) пәннің қалай оқытылып жатқанын анықтап, толықтырулар мен түзетулер енгізу үшін бақылау
4) стандарттарды бақылау және орындау	D) тұлғаның біліктілік дәрежесін анықтау мақсатында бағалау

38. Тексеру парағында қолдануға болатын ең үздік оқушыларды анықтайтын сенімді өлшемдерді мазмұнына қарай сәйкестендіріңіз

1) ерте символдық белсенділік	A) олар ақпаратты біліп қана қоймай, оны пайдалана алады
2) күрделілікке деген сүйіспеншілік	B) олар ақпаратты толықтырып, мәніне тезірек жетеді
3) мәселені шешу	C) олар ерте жасынан сөйлей, оқи және жаза бастайды
4) өз білімін жетілдіру	D) олар оқу үдерісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біледі
5) есте сақтау және білім	E) қызығушылығын арттыру үшін олар күрделі ойын мен тапсырмаларға ұмтылады

Пустая страница

Пустая страница

Пустая страница